«Жылыойгаз» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
БСН 000 640 000 147
БСК SABRKZKA
ЖСК KZ30914032203KZ023YA
«СБЕРБАНК» АҚ

ЖЫЛЫОЙ ГАЗ

Товарищество с ограниченной
ответственностью «Жылыойгаз»
БИН 000 640 000 147
БИК SABRKZKA
ИИК KZ30914032203KZ023YA
АО «СБЕРБАНК»

060100, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 54
тел. 8-71237-79050, факс: 8-71237-79151
www.zhylyoigas.kz: e-mail: office@zhylyoigas.kz

060100, город Кульсары, пр.Махамбета, 54
тел. 8-71237-79050, факс: 8-71237-79151
www.zhylyoigas.kz: e-mail: office@zhylyoigas.kz

Жылыой ауданы
тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы,
жолаушылар көлігі,
автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы
бөлімі басшысы Е.Аққұсовқа

Сіздің 21.12.2021 жылғы, шығыс №06-03-09/842 хатыңызға;
23.12.2021 жыл, №137-техникалық шарт.

«Жылыойгаз» ЖШС Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон кенті 1,2,3,4,5,6 кварталдарда газ құбырларын жүргізуді жобалау үшін төмендегіше техникалық шарт береді:

1. Газге қосылу нүктесі: Құлсары қаласы, М.Таңқыбаев көшесінде орналасқан №53К кран торабындағы Ф114 мм орта қысымды жер үсті газ құбыры.
2. Нысанның газбен қамту жүйесінің жобасы 4.03-01-2011 ҚР ҚН «Газ тарату жүйелері», 4.03-103-2005 МЕЖ «Газ құбырларды полиэтилен құбырларды қолданып жобалау, салу және қайта құрылымдау» және қолданыстағы нормативтік актілер талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.
3. Жобаның осы техникалық шартқа сәйкестігі бекітілгенге дейін «Жылыойгаз» ЖШС-де келісілуі тиісті.
4. Газбен қамту жүйесін жобалау және құрылысын жүргізу жұмыстары арнайы рұқсаты бар мекеме күшімен орындалуы, тиісті сараптамалары жасалуы міндетті.
5. Газ құбырын жүргізу үшін жер телімін алу міндетті.
6. Жобамен қарастырылған техникалық тетіктер, қондырғылар зауыттық үлгіде, пайдалану құжаттары бар, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген болуы міндетті. Құрылыс материалдарының техникалық құжаттарымен сертификаттары болуы тиісті.
7. Газ құбырының басқа жер асты инженерлік коммуникациялармен қиылысатын орындарға олардың иелерінен техникалық шарт алу.
8. Автомобиль жолдарын «тесіп өту»-әдісімен орындап 4.03-103-2005 МЕЖ талаптарына сәйкес қынап орнату.
9. Қосылу нүктесінде газды айырып қосатын ысырма орнату(қоршау ішінде).
10. Қосылу нүктесінен ықшам ауданға дейінгі газ құбырын қимасы 225 мм. кем емес газ құбырымен жобалау
11. Ықшам ауданның көше аралық төмен қысымды газ құбырын Ф110 және 114 мм. кем емес газ құбырларымен жобалау.
12. Газ құбырларына танымдық белгі орнату.
13. ҚР ҚН 4.03-01-2011 «Газ тарату жүйелері талаптарына» сәйкес газдың қысымын төмендетіп бірқалыпты ұстап тарататы шкафты газ реттегіш пунктін орнату/ГРПШ/.
14. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін жұмыс жобасымен орындау техникалық құжаттарын «Жылыойгаз» ЖШС-не тапсыру міндетті.
15. Осы техникалық шарт газ желісіне қосылуға рұқсат болып есептелмейді.
16. Техникалық шарттың әрекет ету мерзімі – 1 жыл
17. **Техникалық шарт нақтыланбаған мәліметтер бойынша жасақталғандықтан, өзгеріс енгізілуі мүмкін**.

Бас инженер **М.С.Досжанов**

Орындаған: С. Утаров
Тел: 8(712-37)7-90-50*121